БӨГЕТСАЙ МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯСЫНЫҢ ТАРИХИ ДАМУ ХРОНОЛОГИЯСЫ

Бөгетсай мектеп-гимназиясы – Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Бөгетсай ауылында орналасқан білім беру ұйымы.

ТАРИХИ ЖЫЛНАМА

1937 жыл — Мектептің ашылуы

Бөгетсай орта мектебінің тарихына үңілсек, 1937 жылдың жазында орта мектеп құрылысы басталған. Құрылыс жұмысына жергілікті халық,аудан орталығынан комсомолдар келіп қатысып салынған. Мектептің құрылысына аудандық ЛКСМ Комитетінің комсамол жастар бригадасының бригадирі болып Байсадақов Тахау келген. Кейіннен Ұлы Отан соғысына қатысып ардақты ардагер атанды. Мектептің барлық оқу құралдары сол жылдары жер ауып Бөгетсай ауылына келіп қоныстанған кәріс ұлт өкілдерінің көшімен Қиыр Шығыстан (Дальный Востоктан) келген. Қазір сол кездегі құралдардан мектепте жез қоңырау қалды. 1938 жылы мектеп іске қосылып,алғашқы қоңырау соғылып, бірінші сабақ басталады. Мектеп директоры Нью Григорий болған. Ауыл бойынша мектептің алғашқы түлектері Қапа, Шектібай аталар мен Шолпан апайлар болды.

Ақтөбе облысы,Қарабұтақ ауданы , Бөгетсай ауылында Бөгетсай орта мектебі ашылды.
Ауылда білім беру мекемесі ашылып, оқушыларға жүйелі білім беру ісі басталды.
Білім беру мазмұны екі тілде жүргізілді..





Фото :1945-1946 жылдары оқу бітірген Алтын Қопабаеваның естелігінен.

Осы оқу жылдарында Нариманов Ермек, Сарипов Ғалам,Бухаев Қияс , Цой Иван Михайлович ,Фаскулина Құршида мектеп директоры қызметін атқарған.Нақты атқарған жылдары белгісіз. Фотосуреттері іздестірілді,

өкінішке орай табылмады. Класс системасы жеті жылдық болған. 1946-1948 жылдар аралығында мектеп директорының орынбасары болып Пак Шура қызмет жасаған. Сабақ берген мұғалімдер Әбдіқалық Хамзин орыс тілінен, Санабай ботаникадан, Шаңғытбай Қуанышев географиядан, Қияс Боқаев математикадан, Камен Төлебаев география пәндерінен сабақ берген

1977 жылы — Қалыптасу кезеңі

1977 жылы ауылда жаңа мектеп салынып, мектеп жаңа ғимаратқа көшті.

Педагогикалық ұжым қалыптасып, оқу-тәрбие жұмысы дамыды.




Фотода: 1977 жыл жаңа мектеп ашылған күн. 6 наурыз. Мектеп директоры Достан Сейсекенов, орыс тілі мен орыс әдебиеті пәнінің мұғалімі Пангерей Жетпісов, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Әбдіғали Сағымбаев.**1999 жылы** мектеп толықтай қазақ тіліне көшті.



Фотода : жез қоңыраумен мектептің 60 жылдық мерейтойында алғышқы қоңырау соққан мектептің алғашқы түлегі Шектібай ата және мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршін .

Алғашқы басшылар мен ұжым :




Момынбаев Жолшы
1951-1953 жылдары Бөгетсай орта мектебінде мектеп директоры қызметін атқарған.



Өтепбергенов Кәкім
1946-1948 жылдары Бөгетсай орта мектебінде мектеп директоры қызметін атқарған.



1952 жылғы педагогикалық ұжым. І қатарда солдан оңға қарай бастауыш класс мұғалімі Гүлжан апай, ортада мектеп директоры Өтепбергенов Кәкім.





Сарсеналин Култай
1954-1959 жылдары Бөгетсай орта мектебінде мектеп директоры болып қызмет жасаған.

Бөгетсай орта мектебінің 1957 жылғы мұғалімдер ұжымы. II қатарда Қайнолла Қаухаров денешынықтыру пәнінің мұғалімі, Күнсәуле Сұлтамұратов бокс үйірмесінің жаттықтырушысы, Жени Жолтаев математика пәнінің мұғалімі, Аманғос Айтжанов бас есепші, Көлтай Сарсеналин мектеп директоры, Достан Сейсекенов орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Алмат Көрпебаев қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Зейнолла Қаухаров математика пәнінің мұғалімі.
I қатарда солдан оңға қарай Шарбану Байгурина математика пәнінің мұғалімі, Жота Ибраева қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Рахима Әуесова музыка пәнінің мұғалімі, Төрегелдина Рақыш тарих пәнінің мұғалімі





1957 оқу жылындағы мектеп түлектері

1957 жыл Бөгетсай орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі Жота Ыбыраева. Суретте I қатарда солдан оңға қарай домбыра аспабында .Алматы қаласындағы Қазақстан жастарының біріңші фестивалы VII ай

.



Фотода: I қатардың сол жағынан қарағанда Қайнолла Қаухаров денешынықтыру пәнінің мұғалімі, Достан Сейсекенов орыс тілі, әдебиеті пәнінің мұғалімі, Көлтай Сарсеналин мектеп директоры, Камен Төлебаев директордың оқу ісінің меңгерушісі.II қатарда: 1958 -1959 оқу жылындағы 9 – орыс-қазақ кластарының оқушылары және Жени Жолтаев математика пәнінің мұғалімі.



1959 жылғы 22 ақпанындағы Бөгетсай орта мектебінің бір топ мұғалімдер ұжымы.
III қатар: солдан оңға қарай: Камен Төлебаев, Алмат Көрпебаев.
II қатарда: Қайнолла Қаухаров, Көлтай Сәрсеналин, Мырзалы Хасанов.
I қатарда: Жота Ыбраева, Рақыш Төрегелдина.



1958-1959 оқу жылындағы мұғалімдер ұжымы.

*Фотода:*I қатар солдан оңға қарай: Мәдина Изимбетовна денешынықтыру пәнінің мұғалімі, Камен Төлебаев химия пәнінің мұғалімі, Жени Жолтаев математика пәнінің мұғалімі, Валентина Наумова орыс тілі мен орыс әдебиетінің мұғалімі, Достан Сейсекенов орыс тілі мен орыс әдебиетінің мұғалімі, Шарбану апай.

II қатарда: Гүлжан апай бастауыш класс мұғалімі, Нағымет Аманбаев тарих пәнінің мұғалімі, Мырзалы Хасанов қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Көлтай Сарсеналин, Слам ағай бас есепші, Алмат Көрпебаев қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Рақыш Төрегелдина тарих пәнінің мұғалімі, Сауытбай Нуров математика пәнінің мұғалімі.
III қатарда: Қазина апай француз тілінің мұғалімі, Сәулебай Бекмуратов бастауыш класс мұғалімі, Валентина Березная, Қайнолла Қаухаров дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, Рахима Әуесова, Калима Берекенова химия пәнінің мұғалімі, Мағзыма Сүлейменова бастауыш класс мұғалімі.



Жапаров Достан
Бөгетсай орта мектебінде мектеп директоры болып 1959 жылдың 20 желтоқсанынан, 1964 жылдың 1 мамырына дейін қызмет атқарған.



Фотода :Сабақты жан-жақты дайындықпен, көрнекілікпен өткізген, оқушылардың ынтасын арттырып, жаңа материалды түсінікті тілмен жеткізе білген



Сейсекенов Достан .
1965-1980 оқу жылдары
Бөгетсай орта мектебінде мектеп директоры қызтетін атқарған



1966-1967 оқу жылында аудан мектеп директорларының семинары.




1979 жылғы педагогикалық ұжым мектеп директоры

Сейсекенов Достан



1974-1975 оқу жылында мұғалімдер ұжымынан аудандық педагогикалық оқуға барғандар.




Жұмабаев Мұқан Әмірбайұлы 1979-1982 жыл аралығында мектеп директоры болып қызмет жасаған.



Ұжым



Андашев Дүзбай Құрманалыұлы Бөгетсай орта мектебінде 1983-1987 жылдарымектеп директоры болып қызмет атқарған.



1985 оқу жылғы педагогикалық ұжым

.








Хасанов Нұрлан Мырзалыұлы

1987-1995 оқу жылдары мектеп

директоры қызметін атқарған.



Фотода: 1993 жыл ақпанның 17 күні Қазақтың қыран ұлы, тұңғыш қазақ ғарышкері Тоқтар Әубакиров, I қатарда солдан оңға қарай 2-болып отырған математика пәнінің мұғалімі Роза Тәшпенова Бөгетсай орта мектебінің 7-11 - класс оқушыларымен кездесіп, ашық-жарқын әңгімелесті, сұрақтарға жауап берді



Сара Шакейқызы Шакеева
1995-1999 оқу жылында
Бөгетсай орта
мектебінде мектеп директоры
қызметін атқарды



Осы жылы мектептің 60 жылдық мерейтоы тойланған болатын . Мектептің 60-жылдық мерей тойына келген ардақты ұстаз Абдолла Нұрманов көпшілікке бата беруде





Бөдесов Алтай Өтебайұлы
2000-2002 оқу жылдары аралығында Бөгетсай орта мектебінде мектеп директоры қызметін атқарды





Жайшылық Серғазыұлы Серғазин
2002-2004 оқу жылында Бөгетсай орта мектебінде мектеп директоры қызметін атқарды



Жаназаров Сердалы Зәкірұлы



Ұжым

2004-2012 оқу жылында
Бөгетсай орта
мектебінде мектеп директоры
қызметін атқарды.



Бультенов Дастанбек Кожабергенович

2012 -2026 оқу жылынан Бөгетсай мектеп- гимназиясының директоры қызметінде





Педагогикалық ұжым

1. Хромтау ауданының 90 жылдығына арналған мерейтойлық медаль (2025 жыл)
Бөгетсай мектеп-гимназиясының директоры Бультенов Дастанбек Қожабергенович Хромтау ауданының 90 жылдығына арналған мерейтойлық медальмен марапатталды.
2. «Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі (2022 жыл)
2022 жылғы 19 шілдеде Бультенов Дастанбек Қожабергенович білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподақ саласына сіңірген еңбегі үшін арнайы төсбелгімен марапатталды. Куәлік №1433.
3.Облыстық «Понарамалық идеялар фестивалі» байқауынан II орын;
4.Облыстық педагогикалық олимпиададан I орын;
5.Оқушысы аудандық «Зерде» ғылыми жобасынан II орын.

2. Инфрақұрылым мен материалдық-техникалық базаның дамуы

Ғимарат тарихы :



Бөгетсай орта мектебі , 1937 жыл



Бөгетсай мектеп гимназиясы , 2026 жыл

Бөгетсай мектеп-гимназиясының материалдық-техникалық базасы білім беру жүйесінің дамуымен қатар кезең-кезеңімен жетілдіріліп келеді.

Мектеп алғаш рет 1937 жылы пайдалануға беріліп, білім беру қызметін бастады. Алғашқы мектеп ғимараты 50 оқушыға арналған болатын.
Жылдар өте білім алушылар санының артуына және білім беру талаптарының жаңаруына байланысты мектеп ғимаратында бірқатар өзгерістер жүзеге асырылды.1977жылы мектеп салынып, жаңа ғимаратқа көшті. Жөндеу барысында оқу кабинеттері, дәліздер, спорт залы және басқа да бөлмелер жаңартылды.Қазіргі таңда Бөгетсай мектеп-гимназиясы білім алушылардың сапалы білім алуына қолайлы жағдай жасалған білім беру ұйымдарының бірі болып табылады.

Заманауи жабдықталуы

Бөгетсай мектеп-гимназиясында білім беру сапасын арттыру, оқушылардың ғылыми-зерттеушілік қабілеттерін дамыту және цифрлық сауаттылығын қалыптастыру мақсатында материалдық-техникалық базаны жаңғырту жұмыстары жүргізілуде.

Мектепте оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру үшін пәндік кабинеттер, компьютерлік сыныптар, интерактивті құралдар мен заманауи техникалық жабдықтар пайдаланылады.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді оқытуда физика, химия, биология кабинеттерінің мүмкіндіктері қолданылады. Оқушылар тәжірибелік жұмыстар жүргізіп, ғылыми жобалар дайындауға мүмкіндік алады.

Ақпараттық технологияларды меңгеруге бағытталған оқу кабинеттері оқушылардың цифрлық құзыреттіліктерін дамытуға ықпал етеді.

Кітапхана қоры. Мектеп кітапханасы оқушылар мен педагогтердің білім алуына, шығармашылық ізденісіне және рухани дамуына қызмет етеді. Кітапхана қорында оқулықтар, көркем әдебиеттер, анықтамалық және әдістемелік басылымдар жинақталған.

Спорттық инфрақұрылым. Мектептің спорт залы мен спорт алаңдары оқушылардың дене шынықтыру сабақтарын өткізуге, спорттық жарыстар ұйымдастыруға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған.

Мектеп мұражайы. Мұражайда білім ордасының тарихын, ұстаздар мен түлектердің жетістіктерін, мектептің қалыптасу кезеңдерін таныстыратын тарихи құжаттар, фотосуреттер мен құнды жәдігерлер сақталған.

Материалдық-техникалық базаны нығайтудағы жетістіктер

2022 жылы мектеп өзінің 85 жылдық мерейтойын атап өтті. Сол жылы мектеп түлектері, танымал тұлғалар келіп жаңа кабинеттер ашылып облыстық деңгейде, республикалық деңгейде мұғалімдер марапатталып гранттар ,шипажайға жолдама алынған болатын.



Фотода :облыстық кәсіподақ төрайымы қонақтар Р.Серікқызы



Фотода:аудандық кәсіподақ төрайымы Г.А.Аханова



мектептің 85 жылдық мерейтоына келген

2025–2026 оқу жылында Бөгетсай мектеп-гимназиясы облыстық «Үздік ауыл мектебі» байқауында жеңімпаз атанып, 11 миллион теңге көлеміндегі грантқа ие болды.Бұл жетістік мектептің білім беру ортасын одан әрі жетілдіруге және материалдық-техникалық базасын нығайтуға жаңа мүмкіндіктер ашты.

Мектептің материалдық-техникалық базасын жаңғырту

Бөгетсай мектеп-гимназиясында білім беру сапасын арттыру, оқу үдерісіне заманауи технологияларды енгізу және оқушыларға қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру мақсатында материалдық-техникалық базаны нығайту жұмыстары жүргізілді.Осы бағытта мектепке 2 дана интерактивті панель (2 802 240 теңге), 2 шағын жинақты кабинетке арналған жабдықтар жиынтығы (6 720 000 теңге), сондай-ақ 8 дана көпфункционалды басып шығару құрылғысы (1 143 690,24 теңге) алынды.

Бұл жабдықтар мектептің материалдық-техникалық әлеуетін арттыруға, оқу кабинеттерін заманауи құралдармен қамтамасыз етуге және білім беру үдерісін цифрландыруға бағытталған.

Материалдық базаның жаңартылуы – Бөгетсай мектеп-гимназиясының заманауи білім беру талаптарына сай дамуының маңызды көрсеткіштерінің бірі.

Мектеп инфрақұрылымының дамуы – білім сапасын арттыруға, оқушылардың шығармашылық және ғылыми әлеуетін ашуға бағытталған маңызды жұмыстардың бірі.





3. Оқу-тәрбие процесі және білім мазмұнының эволюциясы

Білім беру бағыты

Бөгетсай мектебінің даму тарихындағы маңызды белестердің бірі – білім ордасының мектеп-гимназия мәртебесіне ие болуы.

Хромтау ауданы әкімдігінің 2014 жылдың 31 шілдесі №230 қаулысы негізінде мектеп директоры Бультенов Дастанбек Қожабергеновичтің басшылығымен білім ордасына мектеп-гимназия мәртебесі берілді.

Бұл тарихи кезең мектептің білім беру мазмұнын жаңғыртуға, дарынды оқушылармен жұмысты жетілдіруге және білім сапасын арттыруға жаңа мүмкіндіктер ашты.

Бүгінде Дастанбек Қожабергенович мектеп-гимназияны басқарып, білім ордасының дамуына, педагогтердің кәсіби әлеуетін арттыруға және оқушылардың жан-жақты білім алуына бағытталған жұмыстарды жалғастырып келеді.Мектеп -гимназияда оқушылардың жеке қабілеттері мен қызығушылықтарын ескере отырып, жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша бейіндік оқыту жұмыстары ұйымдастырылады.Білім беру процесінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын, сыни ойлауын, зерттеушілік дағдыларын және шығармашылық әлеуетін дамытуға ерекше назар аударылады.

Ынтымақтастық меморандумы

1. 2020 жылы Бөгетсай мектеп-гимназиясы мен Ақтөбе облысының білім басқармасы М.Құсайынов атындағы Ақтөбе облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернаты арасында білім беру саласындағы өзара ынтымақтастықты дамыту мақсатында меморандум жасалды. Меморандум аясында екі білім беру ұйымы арасында тәжірибе алмасу, дарынды және қабілетті оқушыларды қолдау, олардың ғылыми-зерттеу және шығармашылық әлеуетін дамыту, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, бірлескен білім беру жобалары мен іс-шараларды ұйымдастыру бағыттары қарастырылды.

Аталған ынтымақтастық білім сапасын арттыруға, оқушылардың зияткерлік қабілеттерін дамытуға, озық педагогикалық тәжірибелерді таратуға

және білім беру ұйымдары арасындағы кәсіби байланысты нығайтуға бағытталған маңызды қадам болып табылады.

2. «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығымен ынтымақтастық

2023 жылғы 16 қазанда Бөгетсай мектеп-гимназиясы мен «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ-ның Ақтөбе облысы бойынша Кәсіби даму институты арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандум жасалды.

Меморандумға Бөгетсай мектеп-гимназиясының директоры Бультенов Дастанбек Қожабергенұлы мен «Өрлеу» Кәсіби даму институтының директоры Әбішева Нұргүл Молдабайқызы тарапынан келісім жасалды.

Ынтымақтастықтың негізгі мақсаты – педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру, заманауи білім беру тәжірибелерін зерделеу, озық педагогикалық әдістемелерді тарату және білім беру сапасын жетілдіру.

Меморандум аясында педагогикалық тәжірибе алмасу, бірлескен ғылыми-әдістемелік жобаларды жүзеге асыру, семинарлар, шеберлік сабақтары, ғылыми-практикалық конференциялар мен шығармашылық байқаулар ұйымдастыру, оқу-әдістемелік материалдар әзірлеу бағыттары қамтылды.Аталған серіктестік Бөгетсай мектеп-гимназиясының педагогикалық әлеуетін дамытуға, мұғалімдердің кәсіби шеберлігін шыңдауға және білім беру ұйымының ғылыми-әдістемелік жұмысын жетілдіруге бағытталған маңызды бастамалардың бірі болды.

Реформалар мен инновациялар

Бөгетсай мектеп-гимназиясында білім беру саласындағы жаңашылдықтарды енгізу, оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолдану және оқушылардың ғылыми-зерттеушілік қабілеттерін дамыту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Педагогтер оқу процесінде заманауи педагогикалық технологияларды, цифрлық білім беру ресурстарын, жобалық және зерттеушілік оқыту әдістерін қолданады.Мектепте дарынды оқушыларды анықтау, қолдау және олардың қабілеттерін дамыту мақсатында пәндік олимпиадалар, ғылыми жобалар байқаулары, зияткерлік сайыстар мен шығармашылық конкурстар ұйымдастырылады.Оқушылар республикалық «Зерде», жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобалары бойынша зерттеу конкурстарына, ауыл мектептеріне арналған республикалық пәндік олимпиадаға және басқа да білім сайыстарына қатысып, аудандық, облыстық деңгейлерде жетістіктерге жетіп келеді. Мектептің инновациялық бағыттағы жұмыстарының бірі – оқушыларды ғылыми ізденіске, тәжірибелік зерттеулерге және жобалық қызметке баулу. Блім беру ордасында қазіргі таңда 50 педагог қызмет атқарады. 9 мұғалім модератор, 7 мұғалім сарапшы, 17 мұғалім зерттеуші . Білім беру мазмұнын жаңартумен қатар ұлттық құндылықтарды дәріптеу,

оқушыларды Отансүйгіштікке, еңбекқорлыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу мақсатында мектеп домбыра , театр,робототехника , шахмат және дебат үйірмелері жұмыс жасап келеді.

Мектептің ірі жобалары мен жетістіктері:

Бөгетсай мектеп-гимназиясы аудандық және облыстық деңгейдегі білім беру бастамаларына белсенді қатысып, өзіндік тәжірибесін қалыптастырып келеді.

2025–2026 оқу жылында мектеп облыстық «Үздік ауыл мектебі» байқауында жеңімпаз атанып, 11 миллион теңге көлеміндегі грантты иеленді. Бұл жетістік мектеп ұжымының білім сапасын арттыру, жаңашыл педагогикалық идеяларды жүзеге асыру және ауыл мектебінің әлеуетін дамыту бағытындағы еңбегінің нәтижесі болды.





Фотода: облыстық «Үздік ауыл мектебі» байқауында жеңімпаз атанып, 11 миллион теңге көлеміндегі грантты иеленген сәт. Облыстық тамыз конференциясы, мектеп директоры Д.К.Бультенов , 2025 жыл

Мектептің білім беру саласындағы жетістіктері педагогтердің кәсіби ізденісімен, оқушылардың білімге құштарлығымен және ата-аналар қауымдастығының қолдауымен тығыз байланысты. Бүгінде Бөгетсай мектеп-гимназиясы дәстүр мен жаңашылдықты ұштастыра отырып, ауыл балаларына сапалы білім беруді және олардың жан-жақты дамуына жағдай жасауды басты міндеттерінің бірі ретінде жалғастырып келеді.

4. Мектеп мақтаныштары (Тұлғалар). Еңбек сіңірген педагогтар : «Қазақстанның Еңбек Ері», «Еңбек сіңірген мұғалім», «Білім беру ісінің құрметті кызметкері», «Ы.Алтынсарин» төсбелгісі және т.б. мемлекеттік марапат алған ұстаздар.

Мектепте ұзақ жылдар еңбек етіп (династиясын) қалыптастырған мұғалімдер



Төлебаева Зауре Хұсайынқызы

Панфилов қаласында дүниеге келген. 1967 жылы Талғар қаласының №1 политехникалық мектебін «күміс» медальмен бітірген. 1971 жылы Абай атындағы қазақ педагогикалық институтының математика факультет

ін бітірген. 1971 жылдан бастап Бөгетсай орта мектебінде математика пәні мұғалімі болып жұмыс жасады. 1974-2001 жылдар аралығында физика-математика пәндер бірлестігінің жетекшісі болды. 1985 жылы «Аға оқытушы» атағына ие болды. 1988 жылы іс-тәжірибесі аудан көлеміне таратылды. 1987 жылы мамыр айында Қазақстан мұғалімдерінің VI сьезіне делегат болды. ССРО жоғарғы кеңесінің президиумының жарғысымен III дәрежелі «Еңбек ері» орденімен 20 тамыз 1986 жылы марапатталды. 14 санатты мұғалім 1998 жылы «Жыл мұғалімі» атағын жеңіп алды. Спортты жанындай жақсы көреді. 1998 жылы 8 қаңтарда аудан мұғалімдерінің арасында өткен Спартакиадаға қатысып, тенни ойынынан жүлделі I орынды жеңіп алды.



Рақыш Төрегелдина

1932 жылы наурыз айында Қайрақты ауыл советі Тікаша колхозында дүниеге келген. Әуілі Тікаша жетіжылдық мектебінде 7 класты, қарабұтақ орта

мектебін 1949/1950 оқу жылында бітірген. 1950/1952 жылдары Ақтөбенің Н.Байғанин атындағы 2 жылдық қыздар институтын бітірген.1952 жылы Хобданың Алексеевка орта мектебінде, 1953 жылы Акраб сегізжылдық мектебінде жұмыс жасаған, 1954 жылы Тасбұлақ бастауыш мектебінде, 1954 жылы наурыз айында Тасөткел ауыл Советінің председателі болған. 1956/1957 оқу жылынан бастап Бөгетсай орта мектебінде тарих сабағынан сабақ берді. 1961/1966 жылдары Орал педагогикалық институт

ының тарих факультетін бітірді. 1981 жылы «Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі» атағын алды. Мектеп жұмысына белсене араласып жүріп, домбыра оркестірінде ойнайды, көп жылдар бойы методикалық бірлестіктің меңгерушісі болды. Рақыш апайдың жайлы мінезі, жайдары істері оқушыларға үлгі болып қалды. 1988 жылдан бастап құрметті демалыста.



Әзиз Сауановұлы Сауанов

Ырғыз ауданы №5 Шет-ырғыз ауыл советіне қарасты Ақұлпақ колхозында дүниеге келген. 1954 жылы Ырғыз ауданы Сталин атындағы орта мектепті бітіріп, сол жылы Орал педагогикалық институтының физика-математика және өндіріс негіздері факультетіне түсіп, 1954 жылы бітіріп жоғарғы профильді оқытушы атанады. Токарь, кино және радио машина негіздерін оқыған. 1959 жылдың 30 тамызында Бөгетсай орта мектебінде сол кездегі мектеп директоры Сарсеналин Көлтайдың сұрауымен келген.Сол кездегі Бөгетсай орта мектебінде білікті, ақылды,адамгершіліктері мол ұстаздар ұжымы болды, солардың ішінде математика пәнінің мұғалімі Жиеней Жолтаев, Достан Сейсекенов, Алмат Көрпебаев, Оралдан бітіргендер Нағымет Аманбаев, Сұлтамұратов Күнсауле т.б. ақылшы аға, қадірлі жолдастары болған, солардың

ортасында өзіде ерінбей, алған білімін көрсете білген. Іске қосылмаған радиоузелді, киноаппаратты іске қосып, оқушыларға киносабақ, ата-аналарға жетісіне бір рет радиоторабтан баяндама, әңгімелер өткізіп тұрған.

Ақтөбе, Орал, Гуревь облыстары бірігіп, Батыс Қазақстан өлкесі болғанда мұғалімдердің өлкелік I сьезінің делегаты, 1959-1965 жылдары мектеп бастауыш ұйымының секретары, 1972-1987 жылдары Жастардың сырттай оқитын мектебінің меңгерушісі болып қызмет атқарған. 1968 жылы 11 маусымда «Еңбектегі үздігі үшін» медалімен марапатталған. Білімді, жаңашыл, ізденімпаз ұстаз ауылына іс-қызметімен де, өнеге үлгісімен де білім мен мәдениет таратқан, өз ортасының алдыңғы қатарлы азаматы бола білген санаулы ғұмырының 34 жылын жас ұрпақты тәрбиелеуге арнаған ұлағатты ұстаз. Қазақстан Республикасының білім беру үздігі атағын Бөгетсай орта мектебінде ең алғаш алған ұстаз.



Мырзалы Хасанов 1923 жылы тамыз айында Ырғыз ауданында дүниеге келген. 1940 Жылы Ырғыз орта мектебін бітірген. Еңбек жолын 1940 жылы Калинин орта мектебінде бастауыш класс оқытушысыболып бастаған 1942-1944 жылдары Отан соғысына

қатысқан. 1944 жылы Қопа орталау мектебінде мұғалім болып жұмыс істеген. Мұғалімдік жұмысты жалғастыра жүріп, 1953 жылы Ақтөбепедагогикалық институтын бітірген. 1951-1957 жылдары Тасөткел орта мектебінде қазақ тілі әдебиеті пәніниен сабақ берген. 1957-1983 жылдар аралығында Бөгетсай орта мектебінде домбыра кружогына жетекшілік етеді.Оқытушы болып 43 жыл еңбек еткен. Еңбектегі жетістіктері үшін «Үздік мұғалім» атағына ие болған.



Жәмила Бисенбайқызы Ахметова

1954 жылы 28 қарашада Бөгетсай селосында туған. 1962 жылы Бөгетсай

орта мектебінің бірінші класына барып, 1972 жылы осы мектепті бітіріп, орта білім алып шықты. 1972 жылы Ақтөбе педагогика институтының физика- математик факультетіне оқуға түсіп, оны 1976 жылы бітірген соң өзінің ұшқан ұясы Бөгетсай орта мектебіне мұғалім болып жұмысқа орналасты. Бөгетсай орта мектебінде математика пәнінің мұғалімі болып 12 жыл еңбек етті. 1987 жылы 10 наурызда 33-ке қараған жасында ауырып қайтыс болды



Жұбатқановна Сәруар Жұбатқанқызы

1947 жылы Қарабұтақ селосында дүниеге келген. 1963 жылы Бөгетсай орта мектебін бітіріп, сол жылы А.С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтын 1968 жылы бітіріп, сол облыстың Қособа сегізжылдық мектебінде еңбек жолын бастаған. 1969-1973 жылдар арасында Тасөткел сегізжылдық мектебінде химия, биология пәндерінен сабақ берген. 1974 жылдан бастап Бөгетсай орта мектебінде еңбек еткен. 1986 жылы «Әдіскер мұғалім» атағын алды. 1997 жылы «Қазақстан халқының ағарту ісінің қызметкері» значогімен марапатталған.

.



Сейсекенова Валентина Семеновна

1935 жылы 1 қаңтарда Орынбор облысының Кваркено селосында дүниеге келген. 1942 жылы Кваркено селосындағы орта мектептің бірінші класына оқуға барып, 1952 жылы осы мектепті үздік деген бағамен бітірді. 1952 жылы Орск педагогикалық институтының филология факультетіне түсіп, 1956 жылы ойдағыдай бітіріп, комсомол жолдамасымен Бөгетсай орта мектебіне орыс тілі мен орыс әдебиеті пәнінің мұғалім болып орналасты. 1956 жылдан Бөгетсай орта мектебінде алдыңғы қатарлы мұғалім болып жұмыс істеді. Мектеп ішіндегі жұмыстарға белсене араласып, талай-талай шәкірттеріне білім берді, жас мұғалімдерге көмек беріп, іс-тәжірибесі аудан, облыс аумағында таратылды. Валентина Семеновaның көмегімен орыс әдебиеті кабинеті жабдықталды. «Русский язык в школе» журналына талай рет мақалалары шығып отырды. Республика, облыс, аудан педагогикалық оқуларына қатысып I орынды жеңіп алды. Валентина Семеновнаның еңбегі Октябрь орденімен бағаланды, медаль, құрмет грамотасымен награтталды, мұғалімдер съезіне делегат болып сайланды. 1979 жылы желтоқсан айында семья жағдайына байланысты Қарабұтақ поселкасына қоныс аударды.



Бекмуратов Сәулебай


1931 жылы тамыз айында Қарабұтақ ауданының Қайрақты ауыл советіне қарасты Красный Октябрь колхозында (қазіргі № 4 ферма Амангелді) дүниеге келген. Бастауыш класты Красный Октябрь бастауыш мектебінде оқыған. 1947 жылы мектепті бітірген 1947-1950 жылдары Ақтөбе педагогикалық училищесін оқып бітірген соң 1950 жылы Интер бастауыш мектебінде

мұғалім болып, 1951-1954 жылдар аралығында Шіліктісай бастауыш мектебінде мұғалім болып жұмыс жасаған. 1954-1956 жылдары Совет Армиясы қатарында болған. 1956 жылдан бастап Бөгетсай орта мектебінің жанындағы интернатта тәрбиеші болып, осы мектептің бастауыш кластарда сабақ берген. Пансион ашылғанда пансион директоры, кейіннен денешынықтыру, алғашқы әскери дайындық пінінен сабақ берген. 1991 жылы зейнеткерлікке шығып, өмірінің соңына дейін қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берді



Мауин Хайролла

1939 жылы дүниеге келді. 1957 жылы Бөгетсай орта мектебін бітірген. Еңбек жолын 1958 жылы Бөгетсай орта мектебінде бастаған. Өмірінің соңына дейін осы мектепте еңбек пәнінен сабақ берген. 1986 жылы қайтыс болды.



Климентий Семенович Ли

1931 жылы 21 желтоқсанда Қиыр Шығыста жай шаруаның отбасында дүниеге келген. 6 жасқа келгенде Қазақстанға көшіп келіп, 1983 жылы Бөгетсай селосына көшіп келіп, Бөгетсай орта мектебін 1948 жылы бітірген. Оқу бітірген соң Өзбекстанда оқуын жалғастырды. 1953 жылы Бөгетсай орта мектебіне бастауыш класс мұғалімі болып орналасқан. 1975 жылдан бастап еңбек пәнінің мұғалімі болып ауысып, 1960 жылы Ақтөбе педагогикалық училищесін бітірген. Климент Семенович мектеп жұмысына белсене араласып жүріп, ер балалар арасында техникалық кружок ұйымдастырды, үлгілі еңбек көрсеткіштері үшін аудан мақтау грамоталарына ие болды. 1981 жылы Облоно грамотасына ие болды. 1987 жылы «Аға мұғалім» ата-ғына ие болған. Жазғы

демалыста совхозда комбайнжұмысын істеп, совхоз грамотасымен талай рет марапатталған.



Алмат Көрпебаев

1932 жылы Қарабұтақ ауданы, Түйемойнақ ауыл советіне қарасты Ұлғайсын колхозындадүниеге келген. 1951 жылы Қарабұтақ орта мектебінбітіріп, сол жылы Оралдың педагогикалық институтына түсті. Институтты 1955 жылы тамамдаған жоғары білімді маман. 1955-1956 жылдары Қарабұтақ орталау мектебінде оқу-ісінің меңгеру-

шісі қызметін атқарды.1956-197жылдар арасында Бөгетсай орта мектебінде мұғалім, пансион директоры жұмыстарын атқарды. Мектептің партия комитетінің секретары, кәсіподақ комитеті төрағаксы болып қоғамдақ негізінде жұмыс жасады. 1972-1986 жылдар арасында Қазақстан Компартиясы аудандық Комитетінде Нұсқаушы, аудандық мәдениет бөлімі меңгерушісі қызметін атқарды. 1986 жылы аудандық білім беру бөлімінің бас маманы, Қазақстан Республикасы «Халық ағарту ісінің озық қызметкері» медальының иеленді. Қазақстан Компартиясы облыстық Комитеті мен облиспалкомның, облстық білім беру басқармасының грамоталарымен бірнеше рет марапатталған.



Татьяна Васильевна Ан

1933 жылы 9 қаңтарда туған. Бөгетсай сегізжылдық мектебін бітірген. Еңбек жолын 1949 жылы Құдықсай мектебінде аға пионер вожатый болып бастап, 1954 жылы Ақтөбе педагогика училищесін сырттай бітіріп, бастауыш кластардың мұғалімі


болып қызмет жасады. 1972 жылы Орал педагогика институтының

филология факультетін бітірген соң орыс тілі мен орыс әдебиеті пәнінің мұғалімі болып еңбек етті. Педагогикалық қызметтегі жетістіктері үшін «Қазақ ССР Халық ағарту ісінің үздігі» значогын алды. 1971 -1972 жылдары Бөгетсай орта мектебі жанындағы интернат меңгерушісі болды. 1973-1988 жылдар аралығында Халық депутаттары Бөгетсай селолық атқару комитетінің төрағасы болып жұмыс жасады. Дербес зейнеткер бола жүріп 1989-1990 жылдары Бөгетсай орта мектебінде орыс тілі мен орыс әдебиеті пәнінен сабақ берді. 1992 жылы 59 жасында қайтыс болды.



Бағдагүл Өтебайқызы Өтебаева

1953 жылы 27 желтоқсанда дүниеге келген. 1970 жылы Бөгетсай орта мектебін бітірген. 1970 жылы Орал педагогикалық институтын бітіріп, 1977 -1982 жылдар аралығында Бөгетсай орта мектебінде мұғалім болып жұмыс жасады. Ал 1982-1985 жылдар аралығында оқу-тәрбие жұмысының меңгерушісі болып жұмыс жасады.




Сағымбаев Әбдіғали Баекенұлы

1933 жылы Ақтөбе облысы, Новорессей ауданы, Көктөбе жерінде туған. 1939 жылы Новоресей ауданы орталығындағы мектептің бірінші класына оқуға барған. 1949 жылы Қарабұтақ ауданы Еңбекші колхозының бастауыш мектебінде оқытушы болып бастаған. 1954 жылы Оралдың А.С. Пушкин атындағы мемлекеттік институтының тарих факультетіне түсіп, 1958 жылы бітіріп шыққан. 1959 жылы Қобда ауданы Қаратал жеі жылдық мектебінде оқытушы болып

жұмыс істеген. 1936-1966 жылдары Көктөбе сегізжылдық мектебінде қазақ

тілі мен әдебиеті пәндерінен сабақ берген. 1966 жылдан бері бөгетсай орта

мекте,бінде оқытушы болып жұмыс істеген. Денсаулығына байланысты 1993 жылы зейнеткерлікке шығып, 1994 жылы 18 ақпанда ұзақ науқастан қайтыс болған.



Али Сатығұлов

1937 жылы дүниеге келген. 1955 жылы Қарабұтақ орта мектебін бітірген. Ақтөбе педагогикалық училищесіне оқуға түсіп, 1957 жылы бітіріп шығып Жаркөл бастауыш мектебінде мұғалім болған. 1959 жылы

Амангелді бастауыш мектебінде мұғалім болып істеген. 1974 жылы Бөгетсай орта мектебі жанындағы интернат меңгерушісі болып жұмыс істеген. 1978 жылдан бастап өмірінің соңына дейін осы мектепте еңбек пәнінен сабақ берген.Мектепте кәсіподақ комитетінің төрағасы болды. 1992 жылы қайтыс болды.




Калима Сағынқызы Берекенова

1932 жылы Батыс Қазақстан облысы, Тайпақ ауданы, Харкин селосында дүниеге келген. 1952 жылы Калмыков орыс орта мектебін бітірген. 1952-1956 жылдарда Орал қаласындағы А.С. Пушкин атындағы мемлекеттік институтының Жаратылыстану факультетін бітіріп, Ақтөбе облыстық білім беру басқармасы жолдамасымен Бөгетсай орта мектебіне химия пәнінен мұғалім етіп жіберді. 1956 – 1972 жылдар арасында орыс, қазақ кластары-

ндағы химия пәнінен дәріс берді. Жоғары білімді, өз білімін жақсы білетін, еңбек-

сүйгіш, шәкірттерімен бүкіл ұжым арасында беделді мұғалім болды.

Оның еңбектерін бағалап ұжым Қазақстан Республикасы «Халық ағарту ісінің озық қызметкері» мадақтауына ұсынылды. Бірнеше рет Обком, Облисполком грамоталарымен, «Еңбектегі ерлігі үшін» В. Л. Лениннің 100 жылдығына «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталған. 1984 жылы кенеттен қайтыс балды.



Жота Ыбыраева

1938 жылы тамыз айының

жұлдызында Ақтөбе облысы Қарабұтақ ауданы, Бөгетсай совхозы Красный Октябрь бөлімшесінде дүниеге келген. 1945 жылы Белқопа жеті жылдық мектебінің 1 класына барған. 1955 жылы Қарабұтақ орта мектебін бітіріп, сол жылы Ақтөбе педагогикалық училищесіне түсіп, оны 1957 жылы бітірген. 1957-1958 жылдары Қазақстанның 15 жылдығы мектебінде бастауыш класс мұғалімі болып жұмыс істеген. 1958 жылы Бөгетсай орта мектебінде аға пионер вожатый болып істеген, бастауыш кластар оқу ісінің меңгерушісі болған. 1960 жылы Орал педагогикалық институтына оқуға түсіп, 1965 жылы бітірген. Сол жылдан бастап осы мектепте қазақ тілі мен

әдебиеті пәнінен сабақ берген. 1970-1972 жылдары кластан тыс жұмыс-

тары жөніндегі директордың орын-

басары болып жұмыс істеген. 1970

жылы Лениннің туғанына 100 жыл толу мерекесінде медальмен, аудандық білім бөлімінің грамотасымен марапатталған. 1980 жылы «Қазақ ССР халық ағарту бөлімінің озық қызметкері», 1985 жылы «СССР- дің озық қызметкері» значогымен марапатталған. Мектепте бірнеше жыл бастауыш партия ұйымының хатшысы болған. 1989 жылы мектептегі қазақ тілі қоғамының төрайымы болып істеген. 1992 жылдан бастап жасына байланысты Ақтөбе облысының алдыңғы ерен еңбегі үшін арнайы зейнетақы тағайындалды.



Боранбаев Әлімжан Серекенұлы


1916 жылы, 11 мамырда Қарабұтақ ауданы №12 ауыл советінде дүниеге келген. 1924 жылы Белқопа жерінде бастауыш класта оқып, сонан соң Қарабұтақ орта мектебінде 7 класты 1930 жылы бітірді. Кішкентайынан бастап жұмысқа араласты. 1934-1937 жылдары Темір қаласындағы бастауыш класс мұғалімдерінің даярлайтын училищесін бітіріп шықты, 1937 жылдан 1942 жылға дейін Ырғыз ауданы № 26 Толыбай ауыл советінде бастауыш мектепте оқытушы болып жұмыс істеген. 1942 жылы 1 қаңтарда Армия қатарына алынып, 1943 жылы жараланып әскерей емханаға емделіп, осы жылы 9 желтоқсанда елге демалысқа жіберілген. Соғыс біткен соң қайтадан мұғалім болып орналасқан. 1947 -1950 жылдары Тасөткел жеті жылдық мектебінде директор болып істеген. 1950-1954 жылдары бастауыш класс мұғалімі болып, 1960 жылдан бастап Бөгетсай орта мектебінде еңбек сабағының оқытушысы болып орналасты. 1973 жылы құрметті демалысқа шықты. Мектепте қоғамдық жұмыстарға белсене араласқаны үшін медальдармен, құрмет грамотасымен марапатталған.



Нұртай Сұлтамұратов

1946 жылы 1 қарашада Қарабұтақ ауданы Амангелді ауылында дүниеге келген. 1963 жылы Бөгетсай орта мектебін бітіріп, осы жылы Орал қаласындағы А.С. Пушкин атындағы мемлекеттік педагогикалық институтының физика-математика факультетіне түскен. 1968 жылы бітіріп, Бөгетсай орта мектебіне мұғалім болып орналасты. 1968-1969 жылдары Совет Армиясы қатарында болды. Армиядан кейін 1982 жылға дейін физика пәнінің мұғалімі болып істеді. 1982 жылы совхоз өндірісіне ауысып, 1982-

1985 ылдары трактор бригадасының бригадирі, 1985 – 1987 жылдары қауіпсіздік техникасының инженері,1987 – 1991 жылдары осы совхоздың бас инженері болып қызмет істеді. 1991 жылы совхоздың кәсіподақ комитетінің төрағасы болып сайланды.



Рахым Шамғонұлы Шамғонов


1961 жылы 30 қыркүйекте Қарабұтақ селосында дүниеге келген. 1978 жылы Бөгетсай орта мектебін бітірген. 1978-1979 жылдары совхозда механизатор болып жұмыс істеген. 1979 -1983 жылдары Ақтөбе педагогикалық институтының физика – математика факультетін бітірген.1983-1991 жылдары өзі бітірген мектебінде жұмысқа орналасқан. 1991- 1992 жылдары Бөгетсай селолық Советінде хатшы болып жұмыс істеген. 1993 жылдан бастап Бөгетсай орта мектебінде мектеп директорының кластан тыс жұмыстар жөніндегі орынбасары болып жұмыс жасаған.

Үздік түлектер :



Жұмабаева Мырзабике

Экономика ғылымдарының докторы.



Елубаева Венера

Медецина ғылымының докторы.



Дердісалин Аманғос Дербісалыұлы

Ауыл шаруашылық ғылымының

кандидаты.



Талдықбаев Жанпейіс Сақанұлы

Медецина ғылымының

кандидаты.



Жасанов Александр Қаймақұлы

Ауыл шаруашылық ғылымының

кандидаты.



Сағымбаев Әділғали Әбдіғалиұлы. 1964 жылы Бөгетсай ауылында дүниеге келген. Бөгетсай орта мектебін бітіріп, Орал қаласындағы А.С. Пушкин атындағы педагогикалық институтын

бітіріп, Бөгетсай орта мектебінде 1989-1995 жылдар аралығында еңбек еткен.2002 жылы. Мәдениет ғылымының кандидаты атағын қорғап шықты. Қазіргі кезде Қ.Жұбанов атындағы мемлекеттік педагогикалық институтында дәріс беріп келеді.

Мектеп түлектерінің жетістіктері
1. 1967 жыл – Кожекенова Алтыншаш – күміс медаль.
2. 1968 жыл – Кожекенова Айнагүл – алтын медаль.
3. 1975 жыл – Сейсекенова Елена Достановна – алтын медаль.
4. 1982 жыл – Елубаева Венера Исмаиловна – алтын белгі.
5. 1985 жыл – Нуржанова Жанагүл – үздік аттестат.
6. 1986 жыл – Ли Инна – күміс медаль.
7. 1990 жыл – Өмірбеков Арман – күміс медаль.
8. 1990 жыл – Сауытбаева Бақыт Аманқызы – күміс медаль.
9. 1991 жыл – Байжанова Жайнагүл Байдрахмановна – күміс медаль.
10. 1991 жыл – Исмайлова Райса Арыстанбекқызы – күміс медаль.
11. 1991 жыл – Батыргалиева Жанна – күміс медаль.
12. 1991 жыл – Байсейтова Гаухар – күміс медаль.
13. 1991 жыл – Қонақбаева Нұргүл – күміс медаль.
14. 1993 жыл – Бодесова Жадыра Өтебайқызы – ерекше үлгідегі үздік аттестат.
15. 1993 жыл – Бөдесова Жаннұр Өтебайқызы – ерекше үлгідегі аттестат.
16. 1995 жыл – Тахауиев Асланбек Әкімжанұлы – ерекше үлгідегі үздік аттестат.
17. 1997 жыл – Жарылғапова Альмира Маратқызы – үздік аттестат.
18. 1998 жыл – Алатаева Лида – күміс медаль.
19. 1998 жыл – Бултенова Санжан Кожабергеновна – үздік аттестат.
20. 1998 жыл – Ауесова Балғын Замединовна – үздік аттестат.
21. 1998 жыл – Жарқаева Айнұр Қуанбаевна – үздік аттестат.
22. 1999 жыл – Сымбат Қыдырбайқызы – үздік аттестат.
23. 1999 жыл – Ауесова Гаухар Замеддиновна – үздік аттестат.
24. 1999 жыл – Ергазина Айгуль Сериковна– үздік аттестат.
25. 1999 жыл – Намазбаева Құралай Омаровна – үздік аттестат.
26. 2003 жыл – Жұбатқанова Гулзия Тағыбергеновна – үздік аттестат.
27. 2003 жыл – Пакова Гүлнара Анатольевна – ерекше үлгідегі куәлік.
28. 2003 жыл – Данагулов Бегалы Жаналыұлы – үздік аттестат.
29. 2004 жыл – Батыргалиева Динара Александровна – ерекше үлгідегі куәлік.
30. 2004 жыл – Мамбеталина Гүлшат Карбозқызы – ерекше үлгідегі куәлік.
31. 2005 жыл – Тайжанова Лаура Женисовна – ерекше үлгідегі куәлік.
32. 2005 жыл – Бекмағанбетова Гүлнар Ербақытқызы – ерекше үлгідегі куәлік.
33. 2005 жыл – Шүйіншалин Нұрлан Керейұлы – ерекше үлгідегі куәлік.
34. 2005 жыл – Алдоңғаров Нұржан Алдоңғарович – ерекше үлгідегі куәлік.
35. 2006 жыл – Сауанов Мақсат Жасұланұлы – ерекше үлгідегі куәлік.

36. 2006 жыл – Нурова Гүлниса Дәулетқызы – ерекше үлгідегі куәлік.
37. 2006 жыл – Оспанова Айымгүл Өтегенқызы– ерекше үлгідегі куәлік.
38. 2007 жыл – Аманкелдиева Айдана Аманкелдіқызы – ерекше үлгідегі куәлік.
39. 2007 жыл – Аманбаева Бейбітгүл Саламатқызы – ерекше үлгідегі куәлік.
40. 2007 жыл – Даулетов Аслан – алтын белгі.
41. 2008 жыл – Сауытбаев Елтай Дәулетұлы – ерекше үлгідегі куәлік.
42. 2008 жыл – Сахиев Қайрат Ақылбекұлы – ерекше үлгідегі куәлік.
43. 2008 жыл – Сұлтанова Гүлмира Нұртазақызы – ерекше үлгідегі куәлік.
44. 2008 жыл – Азизова Гүлбақыт Жасұланқызы – ерекше үлгідегі куәлік.
45. 2008 жыл – Бұркіталин Асылжан Жаналыұы – ерекше үлгідегі куәлік.
46. 2009 жыл – Дабылбаева Ақбота Ғалымжанқызы – ерекше үлгідегі куәлік.
47. 2009 жыл – Валиева Гүлнара Асхатқызы – ерекше үлгідегі куәлік.
48. 2009 жыл – Мазина Гүлмира Қазтуғанқызы – ерекше үлгідегі куәлік.
49. 2009 жыл – Шамшина Жазира – ерекше үлгідегі куәлік.
50. 2009 жыл – Жолмурзина Айдана Беймолдақызы – ерекше үлгідегі куәлік.
51. 2014 жыл – Серікбаева Алтын Төлебайқызы – алтын белгі.
52. 2014 жыл – Даутбаева Жанар Мағауияқызы – алтын белгі.
53. 2015 жыл – Аманиязова Зарина Қуанышқызы – алтын белгі.
54. 2015 жыл – Жаңабергенов Жұбаныш Қайратұлы – үздік аттестат.
55. 2016 жыл – Абдикаликова Гаухар Омарқызы – алтын белгі.
56. 2016 жыл – Аманиязова Алтын Қуанышқызы – үздік аттестат.
57. 2016 жыл – Шыналиева Аида Салихқызы – алтын белгі.
58. 2017 жыл – Жұмағалиева Гүлзат – үздік аттестат.
59. 2017 жыл – Қази Жарқынай – алтын белгі.
60. 2017 жыл – Берік Адель Берікқызы – алтын белгі.
61. 2017 жыл – Жанжігітова Нұрайым Жұбанышқызы – алтын белгі.
62. 2017 жыл – Алпысбаева Жансая – үздік аттестат.
63. 2018 жыл – Иманғали Толғанай Әбубәкірқызы – алтын белгі.
64. 2018 жыл – Қадырбаева Жұлдыз Сулейменқызы – алтын белгі.
65. 2018 жыл – Еркінғали Салтанат Еркінғалиқызы – алтын белгі.
66. 2018 жыл – Жандызер Құралай Амангелдіқызы – алтын белгі.
67. 2019 жыл – Арынғазина Аружан Талғатқызы – алтын белгі.
68. 2019 жыл – Мазин Нұркелді Қазтуғанұлы– алтын белгі.
69. 2019 жыл – Оспанова Аяжан Дастанқызы – алтын белгі.
70. 2019 жыл – Жаңабергенов Жандос Қайратұлы – алтын белгі.
71.2021 жыл -Елеусізова Айжан Жолдықызы -алтын белгі
72.2022 жыл – Ғалымжанқызы Назерке – алтын белгі.
73. 2022 жыл – Оразалина Еркежан Маратқызы – алтын белгі.
74. 2022 жыл – Сердалықызы Нұрай – алтын белгі.
75. 2005жыл – Бекмағабетова Гүлнар Ербақытқы – ерекше үлгідегі куәлік.
76. 2023 жыл – Абуғали Абзал -үздік аттестат
77.2023 жыл- Жаңаберген Жанболат Қайратұлы -алтын белгі

78.2023 жыл -Жасқайратқызы Асылжан алтын белгі
79. 2023 жыл- Құбайдолла Айбек -алтын белгі
80.2023 жыл- Нұржан Даяна -алтын белгі
81.2023 жыл -Рахымжан Көркем -алтын белгі
82.2023 жыл -Орал Махаббат Серікқызы -алтын белгі
83.2024 жыл- Оразалы Гүлжайнар Маратқызы -алтын белгі
84. 2023 жыл- Қизат Ерке- үздік аттестат
85.2024 жыл- Шакузада Аружан Айбатқызы- үздік аттестат
86.2026 жыл- Асқарқызы Асель -алтын белгі
87.2026 жыл- Қожабергенова Ұлпан Дастанбекқызы -үздік аттестат .
88.2026 жыл- Нұрмағамбет Фатима- алтын белгі
89. 2026 жыл- Омар Зейнеп Ануарқызы -үздік аттестат
90. 2026 жыл -Абуғали Інжу Нұрбекқызы -үздік аттестат
91. 2026 жыл -Айбат Мирас Ақзатұлы -үздік аттестат
92. 2026 жыл -Аманкелді Асылайым Айбекқызы- үздік аттестат
93. 2026 жыл -Амангелді Альбина -үздік аттестат
94. 2026 жыл -Байдрахманова Жаннұр Серікқызы-үздік аттестат
95. 2026 жыл -Сағынғали Қарақат Медетқызы -үздік аттестат

Негізгі жетістіктер

Олимпиадалар мен конкурстар

Бөгетсай мектеп-гимназиясы – білім сапасын арттыруға, дарынды оқушыларды анықтап, олардың шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамытуға ерекше көңіл бөлетін білім ордасы. Мектеп оқушылары жыл сайын аудандық, облыстық, республикалық және халықаралық деңгейдегі пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобалар конкурстарына, шығармашылық байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болып келеді.

2024-2025 оқу жылынадғы республикалық жетістік:

Республикалық «Зерде» ғылыми жоба байқауы Жантерекова Нұрай,III орын.Алматы қаласы . Жетекшісі: Хасенова Г.Р.

2025–2026 оқу жылындағы республикалық жетістіктер:

Қ. Бітібаева атындағы республикалық олимпиада – Аманкелді Асылайым, III орын. Өскемен қаласы .Жетекшісі:Школова Г.Б.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жоба байқауының республикалық кезеңіне қатысқан Жандизер Дарын, сертификатқа ие болды. Астана қаласы. Жетекшісі: Джанкулова А.И.

Алтын белгі мен үздік аттестат

Бөгетсай мектеп-гимназиясы білім сапасын арттырумен қатар, үздік түлектер даярлауға басымдық береді.

Мектеп түлектері арасында «Алтын белгі» төсбелгісінің және үздік аттестаттың иегерлері бар.

Жылдар бойынша көрсеткіштер:

Оқу жылы	«Алтын белгі»	Үздік аттестат
2020–2021	1	6
2021–2022	3	2
2022–2023		6
2023–2024	1	5
2025-2026	2	7

Мектеп марапаттары

Бөгетсай мектеп-гимназиясы білім беру саласындағы нәтижелі жұмысы, педагогикалық ұжымның кәсіби шеберлігі және оқушылардың жоғары жетістіктері арқылы аудандық және облыстық деңгейде танылып келеді.

2025 жылы Бөгетсай мектеп-гимназиясы облыстық «Үздік ауыл мектебі» байқауында жеңімпаз атанып, 11 миллион теңге көлеміндегі грантты иеленді.

2026 жылы аудан мектептері арасында рейтингтік көрсеткіштен жоғары көрсетіп, I орынға ие болып, принтерге ие болды.

Бұл жетістік мектептің білім сапасын арттыру, инновациялық жобаларды жүзеге асыру және білім беру ортасын дамыту бағытындағы жүйелі жұмысының нәтижесі болып табылады.

№	Марапат атауы	Саны
1	Білім бөлімінің алғыс хаты	11
2	Білім бөлімінің құрмет грамотасы	7
3	Облыс әкімінің алғыс хаты	1
4	Минстрлік Құрмет грамотасы	3